

## Генерациялайтын қондырғылардың электр қуатына аттестаттауды өткізу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 3 желтоқсандағы № 686 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 24 желтоқсанда № 12489 болып тіркелді.

"Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңы 5-бабының 70-17) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРДАМЫШ**:

1. Қоса беріліп отырған Генерациялайтын қондырғылардың электр қуатына аттестаттауды өткізу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Электр энергетикасы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгенінен кейін он күнтізбелік күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауга жіберуді;

3) осы бұйрықты алған күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде оның көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

5) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2), 3) және 4) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді беруді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауга жатады.

Қазақстан Республикасының  
Энергетика министрі

V. Школьник

Қазақстан Республикасы

## Генерациялайтын қондырғылардың электр қуатына аттестаттауды өткізу қағидалары

Ескеरту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 10.12.2018 № 492 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### 1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Генерациялайтын қондырғылардың электр қуатына аттестаттауды өткізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Электр энергетикасы туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Зан) 5-бабының 70-17) тармақшасына сәйкес әзірленді және генерациялайтын қондырғылардың электр қуатына аттестаттауды өткізу тәртібін анықтайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар мен анықтамалар қолданылады:

1) аттестатталған электр қуаты – тиісті аттестаттау нәтижелері бойынша электр станцияларының аттестатталған электр қуатының жынтығы, мегаватта есептеледі (бұдан әрі – МВт);

2) бақылау кезеңі – жергілікті уақыт бойынша 17:00-ден бастап 23:00-ге дейін құнтізбелік күн уақытының мерзімі (мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса);

3) тіркеу уақыты – энергия өндіруші ұйымның генерациялайтын қондырғыларының электр қуатына аттестаттауды өткізуге өтінімінде көрсетілген және Жүйелік оператормен келісілген уақыт мерзімі, сол уақыт ішінде энергия өндіруші ұйымның электр станциясы генерациялайтын қондырғыларының желісіне электр қуатын босату тіркеледі;

4) генерациялайтын қондырғы – электр энергиясын өндіретін құрылғы;

5) генерациялайтын қондырғылардың электр қуатын аттестаттау – Жүйелік оператор жүргізетін іс-шаралар, олар аттестатталған электр қуатының мәндерін және электр қуатын ұлғайту мен азайтудың аттестатталған жылдамдықтарын айқындауға бағытталған;

6) жоспарлы жөндеу – Жүйелік оператормен келісілген жөндеу графигіне енгізілген жоспарлы жөндеу;

7) жүйелік оператор – орталықтандырылған оралымды-диспетчерлік басқаруды, басқа мемлекеттердің энергия жүйелерімен қатарлас жұмыс істеуді қамтамасыз етуді, энергия жүйесіндегі теңгерімді ұстап тұруды, жүйелік қызметтер көрсетуді және электр

энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінен қосалқы көрсетілетін қызметтерді сатып алуды, сондай-ақ электр энергиясын ұлттық электр желісі бойынша беруді, оған техникалық қызмет көрсетуді және оны пайдалану өзірлігінде ұстап тұруды жүзеге асыратын ұлттық компания;

8) орталықтандырылған сауда нарығының операторы – электр энергиясының және электр қуатының өзірлігін қолдау бойынша көрсетілетін қызметтің спот-саудасын қоса алғанда, электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығын жүзеге асыратын үйым;

9) тесттік команда – энергия өндіруші үйымның құрамына кіретін электр станцияларының электр қуатын өзгертуге энергия өндіруші үйымға Жүйелік оператор берген өкім;

10) техникалық минимум – конденсациялық, жылдыту, газтурбиналы және бу-газды электр станциялары үшін – тиісті паспорттық деректерге сәйкес олардың жұмысының тұрақтылығын қамтамасыз ету жағдайлары бойынша; гидроэлектр станциялары үшін – су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау, су бұру саласындағы уәкілдепті органмен тапсырылған су шығының қамтамасыз ету жағдайлары бойынша генерациялайтын қондырғылардың жұмысында минималды рұқсат етілген электр қуатының жиынтығы, МВт;

11) технологиялық минимум – генерациялайтын қондырғылардың минималды электр қуаттарының жиынтығы (олардың жылу жүктемесінің берілген деңгейі кезінде), МВт;

12) энергия өндіруші үйым – электр және (немесе) жылу энергиясын өз қажеттіліктері және (немесе) өткізу үшін өндіруді жүзеге асыратын үйым;

13) электр станциясының аттестатталған электр қуаты – тіркеу уақытында энергия өндіруші үйымның электр станциясының генерациялайтын қондырғыларының желісіне босатылатын электр қуатының орташа мәні, МВт;

14) электр қуатының аттестатталған азаю жылдамдығы – электр станциясының генерациялайтын қондырғыларының электр қуатын аттестаттаудың үшінші кезеңінен ету уақытында энергия өндіруші үйымның электр станциясы генерациялайтын қондырғыларының электр қуатын азайту жылдамдығының орташа мәні, минутына/МВт;

15) электр қуатының аттестатталған ұлғаю жылдамдығы – электр станциясының генерациялайтын қондырғыларының электр қуатын аттестаттаудың бірінші кезеңінен ету уақытында энергия өндіруші үйымның электр станциясының генерациялайтын қондырғыларының электр қуатын ұлғайту жылдамдығының орташа мәні, минутына/МВт.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын өзге де ұғымдар мен анықтамалар Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы заңнамасына сәйкес қолданылады.

## **2-тaraу. Генерациялайтын қондырғылардың электр қуатын аттестаттауды өткізу тәртібі**

3. Энергия өндіруші үйымдардың электр станциясының генерациялық қондырғылары аттестаттаудан өтуге жатады.

Бұл ретте тек қана жылу кестесінде жұмыс істеуге технологиялық негізделген электр станциясының жұмыс істеп тұрған генерациялайтын қондырғыларының электр қуаты генерациялайтын қондырғылардың электр қуатын аттестаттау нәтижелері бойынша осы генерациялайтын қондырғылардың желісіне (олардың жылу жүктемесінің белгілі бір деңгейінде) минималды электр қуатын босатудың алдағы жылға жоспарланған максималды көлемінде электр станциясының аттестатталған электр қуатына қосылады.

4. Энергия өндіруші үйым электр қуатының әзірлігін ұстап тұру үшін қызмет көрсетуді жоспарлап отырған өзінің әрбір құрамдас электр станциясы бойынша Жүйелік операторға жыл сайын отыз бірінші қаңтарға дейін осы Қафидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделген генерациялайтын қондырғылардың электр қуатын аттестаттауды өткізуге өзінің ресми бланкінде жеке өтінім береді.

5. Жүйелік оператор генерациялайтын қондырғылардың электр қуатын аттестаттауды (бұдан әрі – аттестаттау) энергия өндіруші үйымның өтінімі бойынша онымен келісілген мерзімдерде, бірақ аттестаттау өткізуге арналған өтінімді алғаннан кейін күнтізбелік жиырма күннен кешіктірмей жүзеге асырады.

Жүйелік оператор аттестаттауды осы Қафидалардың 16-тармағын ескере отырып, Жүйелік оператордың диспетчерлік пункттеріне автоматты түрде тарату арқылы электр энергиясын коммерциялық есепке алушың автоматтандырылған жүйесі, телеметрия аспаптары болған жағдайда жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының бірыңғай электр энергетикалық жүйесінде және қатарлас жұмыс жасайтын энергожүйелерде режимдік жағдай өзгерген (нашарлаған) кезде, сондай-ақ Жүйелік оператордың диспетчерлік пункттеріне автоматты түрде тарату арқылы, электр энергиясын коммерциялық есепке алушың автоматтандырылған жүйесі, телеметрия аспаптары болмаған жағдайда, Жүйелік оператор тиісті энергия өндіруші үйымдарға жазбаша хабарлай отырып, осы мерзімді (күнін, уақытын) өзгерте алады. Бұл ретте Жүйелік Оператор айқындаған аттестаттау күні тиісті электр станцияларының (генерациялайтын қондырғылардың) жоспарлы жөндеу мерзімімен қатар түспеуі керек.

6. Энергия өндіруші үйымның электр станциясын аттестаттау Жүйелік оператордың өкімі бойынша электр энергиясын өндіруші үйымның электр станциясы генерациясының электр қуатының ағымдағы мәнін технологиялық және техникалық минимумның ағымдағы мәндерінің ең үлкеніне өзгертуді қамтамасыз еткеннен кейін басталады және үш кезеңде жүзеге асырылады:

1) бірінші кезең: энергия өндіруші үйым Жүйелік оператордың өкімі бойынша электр станциясы генерациясының электр қуатының мәнін технологиялық және техникалық минимумдардың ағымдағы мәндерінің ең үлкенінен, электр станциясы ұзақ уақыт бойы тасымалдай алатын ең үлкен мәнге дейін өзгертуді қамтамасыз етеді. Бұл ретте, кезеңнің басталуы Жүйелік оператор тиісті өкім берген уақытпен анықталады, ал аяқталуы - электр станциясы ұзақ уақыт бойы тасымалдай алатын ең үлкен мәнге қол жеткізу туралы электр станциясынан келіп түскен жедел ақпаратты Жүйелік оператордың тіркеген уақытымен анықталады.

2) екінші кезең: тіркеу уақытында электр станциясының генерациялайтын қондырғыларының желісіне электр қуатын босатуды тіркеу, бұл жағдайда кезеңнің басталуы Жүйелік оператордың тиісті өкім берген уақытымен анықталады, ал аяқталуы тіркеу уақытының аяқталуына байланысты болады. Бұл ретте, схемалық-режимдік жағдай өзгерген кезде, тіркеу уақыты Жүйелік оператор арқылы дереу түзетілуі мүмкін ;

3)үшінші кезең: Жүйелік оператордың өкімі бойынша энергия өндіруші үйым электр станциясы генерациялайтын қондырғыларының электр қуатын тиісті ағымдағы мәннен технологиялық және техникалық минимумдардың ағымдағы мәндерінің ең үлкеніне дейін төмендетеді, бұл ретте, кезеңнің басталуы Жүйелік оператордың өкім берген уақытымен анықталады, ал аяқталуы – технологиялық және техникалық минимумдардың ағымдағы мәнінен ең үлкеніне қол жеткізу туралы электр станциясынан келіп түскен жедел ақпаратты Жүйелік оператордың тіркеген уақытымен анықталады.

Энергия өндіруші үйымның электр станциясын аттестаттаудың әрбір кезеңнің басталу және аяқтуу уақыты он бес минутқа еселі болады.

Жиілікті және қуатты автоматты түрде реттеуді жүзеге асыратын энергия өндіруші үйымның электр станциясы аттестаттау уақытына Жүйелік оператордың жедел басқаруына ауысады.

7. Электрмен жабдықтау сенімділігін қамтамасыз ету жағдайлары салдарынан, немесе жаңғырту, кеңейту, реконструкциялау және (немесе) жаңарту туралы инвестициялық келісім шенберінде пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғылар электр станциясында болған жағдайда,

сондай-ақ электр станциясына байланысты емес себептер бойынша аттестаттау өткізу мүмкін емес болған жағдайда, энергия өндіруші үйымның электр станциясының барлық генерациялайтын қондырғыларының электр қуатын бір мезгілде аттестаттау мүмкіндігі болмаған жағдайда, Жүйелік оператор электр станциясының әрбір генерациялайтын қондырғысы бойынша жеке аттестаттау өткізуі мүмкін. Ол кейіннен электр станциясының аттестатталған электр қуаты мен электр қуатын ұлғайту және азайтудың аттестатталған жылдамдықтарын қосу арқылы аттестаттаудың жиынтық нәтижелерін шығарады.

8. Аттестаттау кезінде электр қуатын желіге босату мәндерін және электр энергиясын өндіруші үйымның электр станциясының электр қуатын ұлғайту және азайту жылдамдығын тіркеу Жүйелік оператордың диспетчерлік пункттеріне автоматты түрде берілетін телеметрия аспаптары арқылы бақылай отырып, электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесінің деректеріне сәйкес жүзеге асырылады.

9. Егер энергия өндіруші үйым Жүйелік оператордың тиісті өкімдеріне сәйкес осы Қағидалардың 6-тармағында көрсетілген барлық іс-әрекеттерді жүзеге асырмаса, немесе егер осы іс-әрекеттердің жүзеге асыру нәтижесі бойынша электр энергиясын өндіруші үйымның электр станциясының электр қуатын аттестатталған ұлғайту (азайту) жылдамдығы оның типіне сәйкес келетін, осы Қағидаларға 2-қосымшада көрсетілген электр қуатының ұлғайту (азайту) орташа жылдамдығының минималды мәнінен төмен болса, аттестаттаудан өтпеді деп есептеледі.

Бұл ретте, егер электр станциясының құрамында тек жылу кестесінде ғана жұмыс істеуге технологиялық негізделген жұмыс істеп тұрған генерациялайтын қондырғылар болмаса, онда электр станциясының аттестатталған электр қуаты нөлге тең болады, ал егер олар электр станциясының құрамында болған жағдайда – осы Қағидалардың 2-тармағына сәйкес аталған генерациялайтын қондырғылардың (олардың жылу жүктемесінің тиісті деңгейі) желісіне босатылған минималды электр қуатының алдағы жылға жоспарланған максималды мәніне тең болады.

10. Энергия өндіруші үйымның аттестаттаудан өтпеген күннен кейін төрт жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде берілген аттестаттауды өткізу туралы қайта Өтінімі бойынша сол жылы энергия өндіруші үйымның электр станциясына қайтадан (бір рет) аттестаттаудан өтеді. Жүйелік оператор аттестаттаудан өтпеген күннен кейін күнтізбелік елу күннен кешіктірмей қайта аттестаттаудың мерзімдерін дербес айқынрайды және Өтінімді алған күннен кейін үш жұмыс күні ішінде ол туралы энергия өндіруші үйымға хабарлайды.

11. Жүйелік оператор генерациялайтын қондырғылардың электр қуатына аттестаттау нәтижелері бойынша аттестаттау өткізген күннен бастап күнтізбелік бес күннен кешіктірмей генерациялайтын қондырғылардың электр қуатына аттестаттау актісін (бұдан әрі – аттестаттау актісі) ресімдейді және энергия өндіруші үйимға жібереді, осы актіде энергия өндіруші үйимның генерациялайтын қондырғылары электр қуатының электр энергиясын өндіруге дайын аттестатталған шамасы көрсетіледі

Бұл ретте энергия өндіруші үйимның электр энергиясын өндіруге дайын генерациялайтын қондырғыларының аттестатталған электр қуаты энергия өндіруші үйимның электр станциясының аттестатталған электр қуаты болып табылады.

Аттестаттау актісі осы Қағидаларға З-қосымшаға сәйкес нысан бойынша энергия өндіруші үйымның аттестаттауға мәлімделген әрбір электр станциясы бойынша бөлек жасалады.

Осы Қағидалардың 4 және 10-тармақтарына сәйкес Жүйелік операторға берілген энергия өндіруші үйымның өтінімдері бойынша жүргізілген барлық аттестаттау нәтижелері бойынша Жүйелік оператор оның аттестатталған электр қуатын есептеп шығарады және соңғы аттестаттауды өткізген күнінен кейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей энергия өндіруші үйымның жаңғырту, кенету, реконструкциялау және (немесе) жаңарту жөніндегі инвестициялық келісімнің шенберінде пайдалануға енгізілетін электр станцияларының құрамына кіретін генерациялық қондырғылардың аттестатталған электр қуатын көрсете отырып, уәкілетті органға, бірыңғай сатып алушыға, орталықтандырылған сауда нарығының операторына және электр энергиясын өндіруші үйымға осы аттестатталған электр қуаты туралы жазбаша ақпарат жібереді.

12. Жүйелік оператор энергия өндіруші үйымдардың электр станцияларын аттестаттау актілерінің негізінде осы станцияға сәйкес келетін электр қуатын ұлғайту және азайтудың аттестатталған жылдамдықтарын көрсете отырып, энергия өндіруші үйымдардың электр станцияларының тізбесін (бұдан әрі – тізбе) қалыптастырады.

13. Генерациялайтын қондырғылардың электр қуатын кезектен тыс аттестаттау мынадай жағдайларда:

1) жүйелік оператор генераторлық қондырғылардың электр қуатының нақты шамасы мен аттестатталған параметрлері арасындағы сәйкесіздікті (бұдан әрі – сәйкесіздік) анықтаған кезде;

2) энергия өндіруші үйымның бастамасы бойынша жүзеге асырылады.

Сәйкесіздік – Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 152 бұйрығымен бекітілген Электр қуаты нарығын үйимдастыру және оның жұмыс істеу қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10612 болып тіркелген) сәйкес есеп айырысу кезеңі (күнтізбелік ай) ішінде Жүйелік оператор беретін үш тесттік команданы энергия өндіруші үйымның қатарынан орындауда.

Бастама энергия өндіруші үйым өзінің ресми бланкінде өзінің құрамына кіретін, соны пайдалана отырып электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша қызмет көрсетуге жоспарланып отырған әрбір электр станциясы бойынша өтінім беру арқылы осы энергия өндіруші үйымның электр станциясының белгіленген электр қуатына өзгерістер енгізілген жағдайда іске асырылады.

Жүйелік оператор Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесінде және қатарлас жұмыс істейтін энергетикалық жүйелердегі режимдік жағдайды ескере отырып, энергия өндіруші үйымның электр станцияларының кезектен тыс аттестаттауын өткізу күнін (күндерін) белгілейді.

Кезектен тыс аттестаттаулар осы Қағидалардың 6, 7, 8 және 9-тармақтарына сәйкес жүргізіледі.

14. Электр станциясының кезектен тыс аттестаттау нәтижелері бойынша оны өткізген күннен кейін күнтізбелік бес күннен кешіктірмей Жүйелік оператор осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кезектен тыс аттестаттау актісін ресімдеп, энергия өндіруші үйымға жібереді және тізбені жаңартады.

Энергия өндіруші үйымның электр станцияларының бүкіл кезектен тыс аттестаттау нәтижелері бойынша Жүйелік оператор оның аттестатталған электр қуатын есептеп шығарады және күнтізбелік бес күннен кешіктірмей уәкілетті органға, бірыңғай сатып алушыға және энергия өндіруші үйымға осы аттестатталған электр қуаты туралы жазбаша хабарлайды.

15. Аттестаттаулар шенберінде (Жүйелік оператордың өкімдері бойынша) энергия өндіруші үйымның электр станцияларының шиналарынан қосымша босатылған немесе босатылмаған электр энергиясы энергия өндіруші үйымның реттеуге қатысуға арналған өтініміне сәйкес электр энергиясын өндірудің-тұтынудың тәуліктік графигінің тиісті жоспарлы шамаларына (бұдан әрі – ауытқу) қатысты электр энергиясының теңгерімді нарығында қаржылық реттеледі.

Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы имитациялық режимде жұмыс істеген жағдайда, ауытқуларды Жүйелік оператор ағымдағы есеп беру кезеңі (күнтізбелік ай) ішінде физикалық түрде реттейді.

16. Электр қуатының нарығын қолданудың бірінші жылында энергия өндіруші үйимдардың аттестатталған электр қуаттары электр қуатының нарығын енгізу жылышын алдындағы жылдың бірінші қаңтарындағы жағдай бойынша олардың қолда бар электр қуатына теңестіріледі, ал олардың құрамына кіретін электр станцияларының электр қуатын ұлғайтудың (азайтудың) аттестатталған жылдамдығы осы Қағидаларға 2-қосымшада көрсетілген электр станцияларының электр қуатын ұлғайтудың (азайтудың) орташа жылдамдығының минималды мәндерінің тиісті деректеріне теңестіріледі.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген электр қуатының нарығын енгізу жылышын алдындағы жылдың бірінші қаңтарындағы жағдай бойынша қолда бар электр қуаттары туралы ақпаратты энергия өндіруші үйимдар уәкілетті органға, бірыңғай сатып алушыға, орталықтандырылған сауда нарығының операторына және Жүйелік операторға ұсынады.

Генерациялайтын  
қондырғылардың электр  
қуатына аттестаттауды өткізу  
қағидаларына 1-қосымша  
Нысан  
(Жүйелік оператор болып  
табылатын үйымның атауы  
көрсетілетін орын)

## Отінім

(енергия өндіруші ұйымның атауын көрсетіңіз)  
генерациялайтын қондырғылардың электр қуатын аттестаттаудан өткізуге

(енергия өндіруші ұйымның электр станциясының атауын көрсету)

№	Электр станциясының параметрлері	Өлшемі	Мәні *
1	2	3	4
1.	Белгіленген электр қуаты	МВт	
2.	Орташа жылдық қолда бар электр қуаты	МВт	
3.	Жеке түтінудың максималды электр қуаты (меншікті және шаруашылық қажеттіліктер)	МВт	
4.	Жұмыс істейтін генерациялайтын қондырғылардың саны	Бірлік	
5.	Генерациялайтын қондырғылардың электр қуатына аттестаттаудан өтетін жұмыс істейтін генерациялайтын қондырғылардың станциялық нөмірлері	-	
6.	Тіркеу уақыты	сағат	
7.	Аттестатталған электр қуатының күтілетін мәні	МВт	
8.	Электр қуатының аттестатталған ұлғаю жылдамдығының күтілетін мәні	МВт/ мин	
9.	Электр қуатының аттестатталған азаю жылдамдығының күтілетін мәні	МВт/ мин	
10	Генерациялайтын қондырғылардың электр қуатын аттестаттау кезінде генерациялаудың	МВт	
.	электр қуатының күтілетін минималды мәні		

Ескертпе:

\* - кестенің параметрлерінің сандық мәндері он бүтінге дейін көрсетіледі.

Генерациялайтын қондырғылардың электр қуатына аттестаттауды өткізу күні: "\_\_\_

" \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ ж.

(Энергия өндіруші ұйымның уәкілетті тұлғасының лауазымын көрсету орны)	(кол қою орны)	(Энергия өндіруші ұйымның уәкілетті тұлғасының Т.Ә.А. көрсету орны)
--	----------------	---

Генерациялайтын  
қондырғылардың электр  
қуатына аттестаттауды өткізу  
қағидаларына 2-косымша

**Электр станцияларының электр қуатын ұлғайтудың орташа жылдамдығының  
минималды мәндері**

МВт/мин

№	Электр станциясының түрі	Жылдамдық мәні
1	2	3
1	Конденсаттық электр станциясы	3,0
2	Жылу-энергия орталығы	1,4

3	Гидравликалық электр станция	8,0
4	Газ турбиналы электр станциясы	6,0
5	Бу-газды электр станциясы	6,0

## Электр станцияларының электр куатын азайтуудың орташа жылдамдығының минималды мәндері

№	Электр станциясының түрі	Жылдамдық мәні	MВт/мин
1	2	3	
1	Конденсаттық электр станциясы	3,0	
2	Жылу-энергия орталығы	1,5	
3	Гидравликалық электр станция	8,0	
4	Газ турбиналы электр станциясы	6,5	
5	Бу-газды электр станциясы	6,5	

Генерациялайтын  
қондырғылардың электр  
куатына аттестаттауды өткізу  
қагидаларына 3-қосымша

Нысан

## АКТ

аттестаттаудың нәтижелері

(электр станциясының атауын көрсетініз)

(энергия өндіруші ұйымның атауын көрсетініз)

қаласы, " \_\_\_\_ " 20 \_\_\_\_ ж.

Аттестация № \_\_\_\_ . өтінімге сәйкес жүзеге асырылды

№	Электр станциясының параметрлері	Өлшемі	Мәні *
1	2	3	4
1.	Электр станциясының аттестатталған электр куаты, соның ішінде: жанғырту, кенейту, реконструкциялау және (немесе) жаңартуға арналған инвестициялық келісім бойынша пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғылардың аттестатталған электр куаты	MВт	
2.	Электр куатын ұлғайтуудың аттестатталған жылдамдығы	MВт/ мин	
3.	Электр куатын азайтуудың аттестатталған жылдамдығы	MВт/ мин	
4.	Меншікті тұтынудың максималды электр куаты (меншікті және шаруашылық қажеттіліктер)	MВт	

5.	Генерациялайтын қондырғылардың электр қуатын аттестаттау кезінде генерациялаудың МВт		
	электр қуатының минималды мәні		

Ескерту:

\* - кестенің параметрлерінің сандық мәндері оныншы шегінде көрсетіледі.

("KEGOC" АҚ өкілетті тұлғаның Т.Ә.А. көрсете орны)	(кол қою орны)
(Энергия өндіретін үйымның уәкілетті тұлғасының Т.Ә.А. көрсете орны)	(кол қою орны)

Генерациялайтын  
қондырғылардың электр  
куатына аттестаттауды өткізу  
қағидаларына 4-қосымша  
Нысан

## АКТ

Кезектен тыс аттестаттаудың нәтижелері

(электр станциясының атауын көрсетініз)

(энергия өндіруші үйымның атауын көрсетініз)

қаласы, " \_\_\_\_ " 20 \_\_\_\_ ж.

№	Электр станциясының параметрлері	Өлшемі	Мәні *
1	2	3	4
1.	Электр станциясының аттестатталған электр қуаты	МВт	
2.	Электр қуатын ұлғайтудың аттестатталған жылдамдығы	МВт/ мин	
3.	Электр қуатын азайтудың аттестатталған жылдамдығы	МВт/ мин	
4.	Меншікті тұтынудың максималды электр қуаты (меншікті және шаруашылық қажеттіліктер)	МВт	
5.	Генерациялайтын қондырғылардың электр қуатын аттестаттау кезінде генерациялаудың электр қуатының минималды мәні	МВт	

Ескертпе:

\* - кестенің параметрлерінің сандық мәндері он бүтінге дейін көрсетіледі.

("KEGOC" АҚ уәкілетті адамының Т.А.Ә., лауазымын көрсете орны)	(кол қою орны)
(Энергия өндіретін үйымның уәкілетті тұлғасының Т.А.Ә. көрсете орны)	(кол қою орны)